



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Шолақорған аумағы

село Шолақорған

Мектепке дейінгі және жалпы
орта білім беру ұйымдарындағы
«Қамқоршылық» кеңесінің
құрамын қайта бекіту туралы

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты білім беру мекемелеріндегі «Қамқоршылық» кеңесінің құрамы кестеге сәйкес қайта бекітілсін.

1. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы «Қамқоршылық» кеңесінің іс-құжаттары мен жұмыс жоспарларына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру, қосымша кестеде көрсетілген мектеп директорларына және бала бақша меңгерушілеріне жүктелсін.

2. Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің 06.02.2020 жылғы мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы «Қамқоршылық» кеңесінің құрамын бекіту туралы №59 бұйрығының күші жойылсын.

3. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы



М.Әбдиев